

ТІЛДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ИННОВАЦИЯЛАР). ЖАҢА СӨЗДЕР (НЕОЛОГИЗМДЕР)

Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің зерттелуі

- Эугенио Косериудың жалпы тілдегі өзгерістердің себептері мен механизмдерін түсіндіру теориясы - тілдегі дәстүрлі нормалардан түрлі ауытқуларға мән беріп, оларды **инновациялар** деп атаған болатын. Төмендегідей факторлармен түсіндіреді:
- - дәстүрлі модельдердің бұрмалануы;
- - тілдегі бірнеше нұсқалардың біреуінің таңдалуы;
- - жүйе ішіндегі формалардың пайда болуы;
- - басқа тілдерден кірме формалардың енуі;
- - үнемдеу және артық өзгешеліктердің қолданыстан шығуы [2, 117].
- Ә.Болғанбаев. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Мектеп, 1988.
- 4. А.Айғабылұлы. Қазақ тілінің лексикологиясы. А., 2013.
- 5. Р.Сыздық. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс, 2009.
- 6. Новые слова и словари новых слов. Москва, 1980.
- 7. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Алматы, 1992.

Тілдегі жаңалық дегеніміз белгілі бір тілдің даму барысындағы белгілі кезеңдерде пайда болған жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған, яғни мағынасы ауысқан немесе қосымша мағыналық реңкке ие болған бұрынғы сөздер, сондай-ақ тілде жиі еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер болып танылады. Бұларды ***лингвистикалық жаңа бірліктер*** деп те атайды [Р.Сыздық].

Мысалы: ***айыппұл, топтама, әлеует, ғаламтор, әлеуметтік желі, тінтуір*** т.б.

Жаңа лексикалық бірліктер:

- жаңа сөздер
- жаңа қолданыстар

Неологиялық зерттеулер - *номинация, терминология, сөзжасам, аударма* және *сөз мәдениетімен* байланысты.

Жаңа сөздер

Қалың көпшілікке таныс, БАҚ-та, көпшілік қолды білім-ғылым әдебиеттерінде, мектеп оқулықтары мен оқу құралдарында **жиі қолданылатын сөздер**

Қоғам өмірінің әртүрлі тұстарында: ғылым, шаруашылық пен өнеркәсіп салаларында, өнерде, арнаулы мамандар мен кәсіпкерлер қолданатын **шеңбері тар сөздер**

өнерде, арнаулы мамандар мен кәсіпкерлер

қолданатын

шеңбері тар жаңа сөздер:

- әміртыйым – вето
- ғаныш - гипс
- қойнауқат – пласт
- жанартаутану - вулканология
- мұхиттану - океанология



КӨПШІЛІККЕ ТАНЫС, ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ

Күнделікті тұрмыстағы жаңа құрал-жабдық, техника атаулары

Табиғатты қорғау – экологияға қатысты сөздер

Экономика, қаржы саласына қатысты терминдер

Автокөліктерге қатысты сөздер

Медицина, фармакологияға қатысты сөздер

Саясат, дипломатия істеріне қатысты сөздер

Информатика, кибернетикаға қатысты сөздер


Әлеумет өміріне қатысты сөздер

Спорт, ойын-сауық, туризмге қатысты сөздер

Әдебиет, өнерге қатысты жаңа атаулар т.б.

ЖАҢА БІРЛІКТЕРДІҢ ТИПТЕРІ

ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ЖАҢА ТҰЛҒАЛАР



Жаңа тұлғалар	Байырғы сөздер	Кірме сөздер
Өтіл, салым, баспагер, ауысым, ғаламдану, тұтыну қоржыны, еншілес компания т.б.	Обыр, құжат, егемен, ағза т.б.	Принтер, сканер, тендер, бренд, имидж т.б.

Жаңа сөздердің типтері:

1. **Қолдан жасалған жаңа тұлғалар**, яғни тілде бар сөздерге қосымшалар жалғану арқылы (*салым-шы, баспагер, бітімгерлер, ауыс-ым, ұстан-ым*), екі сөзді біріктіру арқылы (*тұсау-кесер, орын-тақ, ақ-уыз, су-сиыр* т.б.), сөздерді тіркестіру арқылы (*атаулы көмек, тұтыну қоржыны*), тілде бар сөздік мағынасын ауыстыру (*көлік, желі, сыбайлас жемқорлық, еншілес кәсіпорын, үрдіс, үдеріс* т.б.), сөз тұлғасын өзгерту (*елтаңба, әнұран, ғаламтор* т.б.) арқылы пайда болған жаңа сөздер.
2. Белгілі бір кезеңдегі қолданыста болып, кейін қайта “тірілген” **байырғы сөздер** (аэлогизмдер): *ұйқамақ, мырзамақ, құжат, құқық* т.б.
3. **Бөгде тілдік сөздер**, оның ішінде *кірме сөздер* (*зауыт, пошта, рөл, нөмір, тауар, әртіс, станса, нөл, реліс, режим, кәбіл* т.б.) мен *шеттілдік сөздер* (*сайт, имидж,*).

Жаңа сөз жасауға қатысатын белсенді қосымшалар (синтетикалық немесе морфологиялық тәсіл).

ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАЛЫ СӨЗ	+ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚ	=	ТУЫНДЫ СӨЗ
үдер, кептел, сұран, айт	-ыс, -іс, -с		үдеріс, кептеліс, сұраныс, тапсырыс
хатта, хабарла, бұрышта, баянда, тақырып, зертте	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе		хаттама, хабарлама бұрыштама, топтама, тақырыптама, зерттеме
лаңкес, серіктес, бәсекелес	-тық, -тік, -лық, -лік, -дық, -дік		лаңкестік, серіктестік, бәсекелестік
болжа, белде, өте, айтыл, жазыл	-ым, ім, -м		болжам, белдем, өтем, айтылым, жазылым
саясат, орман, жанартау, дін	-тану		саясаттану, мұхиттану, жанартаутану, ормантану, дінтану

ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАЛЫ СӨЗ	+ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚ	=	ТУЫНДЫ СӨЗ
үлес, саясат, жал, қызмет	<i>-ғар, -гер, қар, - кер</i>		үлескер, саясаткер, жалгер, жұмыскер
Сауал, жар, тағлым	<i>-нама,</i>		сауалнама, жарнама, тағлымнама
ажырат, қозғалт, қыздыр, оқшаулат	<i>-ғыш, -кіш, -қыш, -кіш</i>		ажыратқыш, қозғалтқыш, қыздырғыш, оқшаулатқыш
Талда, құжатта, бұра, анықта	<i>-уыш, -уіш</i>		талдауыш, құжаттауыш, бұрауыш, анықтауыш
жамыл, көрсет	<i>-қы, -кі, -ғы, -гі</i>		жамылғы, көрсеткі, танысқы

Тапсырма. Жаңа сөздерді әліпби тәртібіне салып, орыс тіліндегі баламасымен бірге жазыңыз.

шегерім	әуежай	сараптама	автотұрақ
үлескер	несие	сауалнама	төраға
әуесерік	серіктестік	сыйақы	кептеліс
бейнебаян	бәсекелестік	әнұран	үдеріс
елтаңба	лаңкес	талдау	үрдіс
құқық	лаңкестік	бағдаршам	дәліз
жаһандану/ ғаламдану	субұрқақ	құзырет	кәсіпорын
зайырлы	ойынхана	абаттандыру	көшбасшы
жолсерік	рәміз	төлқұжат	сенімхат
ота	ұялы телефон	зейнет	шәкіртақы
қозғалтқыш	саясаткер	зейнетақы	үлескер
кәсіпкер	біліктілік	хаттама	хабарлама

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Тілдің өзгеріске бейім қабаты/саласы қандай? Баяу өзгеріске ұшырайтын, тұрақты қабаты қандай, түсіндіріңіз.
2. Тілдегі жаңалықтар дегеніміз не?
3. *Жаңа сөздер мен жаңа қолданыстардың айырмасын түсіндіріңіз?*
4. Қазақ тіліндегі бөгде тілдік сөздер *шеттілдік сөздер* және *кірме сөздер* деп қарастырылады. Бұлардың айырмасы қандай? Тіл үшін кірме сөз ретінде қабылдаудың пайдасы қандай?
5. Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді қандай тақырыптық топтарға бөлуге болады?